

Қазақстанның өнеркәсіп мінбері" апталық салааралық бейнежурналын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрі бірінші орынбасарының өкімі 20 шілде 1992 ж. N 44-12ө

1. Қарағанды металлургия комбинатының, "Қарағандыкөмір" өндіріс бірлестігінің, "Жезқазғантүстімет" ғылыми-өндіріс бірлестігінің, "Балқашмыс" өндіріс бірлестігінің, Ермак ферросплав заводының және Өнеркәсіп министрлігінің "Қазақстанның өнеркәсіп мінбері" апталық салааралық бейнежурналын құру туралы ұсынысына қолдау көрсетілсін.

Журналдың мақсаты - мемлекеттік кәсіпорындардың нарықтық қатынастар саласына көшуі жағдайында республиканың өнеркәсіп кешеніне көмек көрсету, шаруашылық жүргізудің тиімді нысандарын насихаттау, кәсіпорындардың, корпорациялардың, концерндердің, қауымдастықтардың және басқа бірлестіктердің ақпаратпен қамтамасыз етілуін жолға қою.

2. "Қазақстанның өнеркәсіп мінбері" бейнежурналының шығарылатын жері Қарағанды қаласы болып анықталсын. Бейнематериалдарын дайындау "Останкино" телерадио компаниясының аймақтық тілшілер пункті жанындағы Қарағандының "Қазақстан" ақпараттық-коммерциялық агенттігіне жүктелсін. Журналдың көлемі - 30 минөт.

3. Кәсіпорындардың келісуі бойынша бейнежурнал өндірісіне арналған база Қарағанды металлургия комбинаты, "Қарағандыкөмір" өндіріс бірлестігі, "Жезқазғантүстімет" ғылыми-өндіріс бірлестігі, "Балқашмыс" өндіріс бірлестігі, Ермак ферросплав заводы деп анықталып, бұларда агенттіктің филиалдары құрылсын.

4. Осы кәсіпорындардың басшылары "Қазақстан" агенттігімен контракт жасасқан кезде филиалдарға қызметтік үй-жай, көлік, бейне-аппаратурасы бөлінуін көздеп, кейін оларды абонент ақысы есебіне агенттікке беретін болсын.

5. Республиканың кәсіпорындарына өзара тиімді негізде агенттікпен шарт жасасып, абонент ақысын енгізу ұсынылсын.

6. Үйлестіру мәселелерін шешу және бейнежурнал жұмысының басым бағыттарын анықтау Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрінің бірінші орынбасары В. И. Власов жолдасқа жүктелсін.

Премьер-министрдің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК